



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

УКАЗ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы

Осы Жарлық бәсекелестікті дамыту, мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту, бизнестің шығындарын азайту арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін алдағы уақыттағы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды.

Елдің экономикалық әлеуетін кеңейтуге және бизнес-ахуалды жақсартуға бағытталған құрылымдық экономикалық және құқықтық реформаларды жеделдету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Экономиканы алдағы уақытта ырықтандырудың негізгі бағыттары болып мыналар айқындалсын:

жеке меншікке қосылмаушылықты қамтамасыз ету;

жеке кәсіпкерлік қызметінің еркіндігі және мемлекеттің нарықтық қатынастарға заңсыз араласуын болдырмау қағидаттарын толығымен іске асыру;

нарыққа қатысушылардың арасындағы еркін бәсекелестікті дамыту мен қорғауды қолдау;

нарыққа қол жеткізу үшін реттеуші және әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін жасанды артықшылықтарды жою;

мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарды әкімшілендіруге бизнестің жұмысалатын шығындарын жаппай азайту.

2. Экономикалық кеңістікті босату және жекеше кәсіпкерліктің әлеуетін толығымен іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендіру процесін аяқтау және бәсекелес салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар санының қайталама өсуіне кедергі болатын нормативтік шарттарды жолға қою, соның ішінде мынадай шаралар арқылы мемлекеттік

сектордың экономикадағы үлесін кең ауқымда және жедел түрде қысқартуды жүргізін:

1) «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмалары бойынша айрықша жағдайларды қоспағанда, 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізу;

2) мемлекеттік мұлікті есепке алудың бірыңғай жария тізілімін кейіннен жаңарта отырып, республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік активтерге 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ревизия жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне (тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып) 2024 жылғы 1 маусымға дейін Жекешелендіру жөніндегі ұлттық оғисті құруға жәрдем көрсету, ол 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мыналарды:

міндетті түрде жекешелендіруге жататын мемлекеттік объектілерге қойылатын өлшемшарттарды тұжырымдауды;

елу пайыздан көп акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) мемлекетке және онымен үлестес тұлғаларға тиесілі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен занды тұлғалардың қызметіне өнірлік ерекшеліктерді ескере отырып, бейінді емес активтерді бәсекелес ортаға берудің мүмкіндігі мен орындылығы тұрғысынан талдау жүргізуі;

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің шешімімен ғана бекітілуі және түзетілуі мүмкін жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің (IPO, SPO, аукциондар және басқаларды өткізуді қоса алғанда, олардың әрқайсысы бойынша өткізу шарттары мен әдістерін айқындаі отырып) тізбесін қалыптастыруды;

жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің өтінімдік тізбесін қалыптастыру және енгізу арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бастамасы бойынша объектілерді жекешелендіру мүмкіндігін ұсынуды;

мемлекеттік активтердің жекешелендіру барысын мониторингтеуді қамтамасыз етуге тиіс;

4) жекешелендірудің келесі тәсілдерін бекіту:

бәсекелестік және ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына субсидиарлық (қосалқы) қатысу;

стратегиялық және әлеуметтік объектілерді, банкаралық төлемдер жүйесі мен қаржы нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржы нарығы инфрақұрылымының объектілерін қоспағанда, мемлекет қатысатын барлық нарық субъектілерін міндетті түрде жекешелендіруді білдіретін нарық субъектілеріне уақытша қатысу;

мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттерін, оның функцияларын айқындау және олардың жетістіктері мен іске асырылуын бағалау;

табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, жекешелендіру кезінде жеке монополиялар (оның ішінде, жергілікті жерлердегі) құруға жол бермеу;

5) жеке инвесторлардың тек өзінің және қарыз қаражатының есебінен (мемлекеттік және квазимемлекеттік көздерден қарыз қаражатын және өзге де қаражатты тартпай) жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің бекітілген тізбесіне сәйкес мемлекеттік активтерді жаппай жекешелендіру процесін 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауды қамтамасыз ету;

6) экономикалық қызметтің барлық түрлерінің жалпы сыныптауышының әрбір коды үшін географиялық шекараларды, мемлекет қатысатын, белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын субъектінің атауын, субъектінің тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің сол немесе өзге нарықтарында болу мерзімін міндettі түрде көрсетуді көздейтін квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлері тізбесінің жаңа форматын қабылдау;

7) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының қолда бар заңнамалық негіздерін қайта қарастыру.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) мен оның еншілес және тәуелді компанияларын корпоративтік басқарудың дербес болуын, сапасын және тәуелсіздігін арттыру мақсатында:

2024 жылғы 1 шілдеге дейін тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын белгілеу арқылы тағайындаулардың ашық және болжанатын жүйесін құра отырып, Қор мен оның еншілес және тәуелді компанияларының директорлар кеңестерін (байқау кеңестерін) қалыптастырудың тәртібін қайта қарасын;

2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін тәуелсіз директорларды (тәуелсіз мүшелерді) іріктеу бойынша конкурс өткізу арқылы Қор мен оның еншілес және тәуелді компанияларының директорлар кеңестерінің (байқау кеңестерінің) құрамын жаңартсын;

2024 жылғы 1 тамызға дейін кадрлық шешімдерді, сатып алударды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың еншілес және тәуелді компанияларының операциялық қызметіне оның араласуы мүмкіндігін төмендету жөніндегі қосымша жүйелі шараларды қабылдасын;

2024 жылғы 1 тамызға дейін «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп процестердің ашықтығын арттыруды және ел ішіндегі құндылығының үлесін ұлғайтуды ескере отырып, Қордың реттелетін сатып алу жүйесін қайта қарасын.

4. Меншік нысанына қарамастан экономиканың барлық субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тең жағдайлар мен мүмкіндіктер үсіну арқылы нарықтағы адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін шарттарды одан әрі жетілдіру, сондай-ақ тек занда белгіленген тәртіппен бәсекелес емес әрекеттердің жолын кесу құқығын мемлекеттің іске асыруы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп мынадай шараларды қабылдасын:

1) отын-энергетика кешені, көлік, байланыс салаларында және өзге де салаларда:

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мұнайды мұнай өндеу зауыттарына жеткізу нарығында квазимемлекеттік сектордың үлесін сапалық жағынан қысқартуды, мұнайды қайта өндеудің, мұнайды тасымалдаудың, сондай-ақ әуежайлар аумағында авиаотынды сақтаудың көрсетілетін қызметтеріне жеке мұнай жеткізушілердің тең және кемсітушіліксіз қол жеткізуін, оның ішінде қол жеткізуді ұсыну рәсімдерін цифрландыру арқылы қамтамасыз етсін;

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін байланыс операторларының кәбілдік көрізге толыққанды тең қолжетімділігін қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер туралы деректерді цифрландыруды аяқтасын және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін оларды беру кезінде электрондық конкурсты міндепті түрде пайдалануды қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін көмірсутектер саласындағы ұлттық компаниялар үш жыл ішінде тікелей келіссөздер арқылы өздеріне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығын алуға басым құқықты іске асырмаған жер қойнауы участекерінің электрондық аукцион арқылы өткізуін қамтамасыз етсін;

2029 жылғы 31 желтоқсанға дейін экономиканың (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру қызметтері) салалары ішінде және арасында тарифтерді кросс-субсидиялауды сатылап алып тастасын;

2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін, монополия нарықтарын қоспағанда, бағалар мен тарифтерді қалыптастыру еркіндігін тікелей немесе жанама түрде шектейтін Қазақстан Республикасы заңнамасын нормаларының барынша көп санын сатылап күшін жоюды қамтамасыз етсін;

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жеке инвестициялар тарту және ұсынылатын реттелуші көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылай отырып, табиғи монополия саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында тариф құрудың ынталандырушы әдіснамасының практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз етсін;

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін азаматтарға арналған өтемақы шараларының тиімді тетігін ісе қосу мәселесін, сондай-ақ цифрлық технологияларды пайдалана отырып мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша тұрғын үй төлемін беруді пысықтасын;

2) 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін сатып алуды және биржалық сауданы жетілдіру саласында:

мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден кемінде екі өтінім болған жағдайда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін мемлекеттік сатып алуға қатысадан алып тастау арқылы «сары беттер» қағидаттарын енгізсін;

тікелей шарт жасасу арқылы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылатын жағдайлардың тізбесін қайта қарасын;

стандартталмаған тауарлармен биржалық сауда-саттықты және тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды жойсын;

биржалық сауда-саттық барысына араласу тәуекелін болдырмау және биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін тауар биржаларының цифрлық сауда жүйелерінің және клирингтік орталықтардың бағдарламалық қамтылымының тиімділігін арттырысын;

3) 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін тауарлық-ерекшелікті субсидиялардан жеңілдікті кредиттер беруге сатылап көшуді қамтамасыз етсін;

4) кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларына ашық және тен қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында:

ұсыну тәртібін стандарттау мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ұқсас түрде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді қамтамасыз етсін;

цифрлық экожүйені жасау, оның ішінде мемлекеттік қолдау шараларын «бір терезе» қағидаты» бойынша ұсынуды қамтамасыз ете отырып жасау арқылы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылдының цифрлық форматын енгізуі аяқтасын;

мемлекеттік қолдау шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді есептеудің және есепке алудың тиімді тетігін қамтамасыз етсін;

5) сатып алу тізіміне кірудің бизнес-процесін, оның ішінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға бағаларды тіркеуді цифрандыруды қамтамасыз етсін.

5. Қаржы нарықтарында адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін шарттарды одан әрі жетілдіру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп:

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жаңа банктер ашу үшін мүмкіндіктерді кеңейту және тұрғындар мен кәсіпкерлік субъектілері үшін банктік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру бойынша, оның ішінде:

еншілес шетелдік банктер мен шетелдік банктердің филиалдарын ашу жөніндегі заңнамалық талаптарды ырықтандыру;

шетелдік банктердің филиалдары үшін рұқсат етілген операциялар түрлерінің тізбесін кеңейту;

банк жүйесін институционалдық жетілдіру, оның ішінде әмбебап және базалық банк лицензиясын енгізуіндің орындылығын қарай отырып жетілдіру арқылы шаралар қабылдасын;

2) 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, тиісті сараптамадан өткеннен кейін (жобаны бағалауды қоса алғанда) және қаржыландырудың балама көздері болмаган кезде, әрбір жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей келісімі алынатын жалпы елдік маңызы бар жобаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың субъектілері үшін Қазақстан

Республикасының Ұлттық қорынан нарықтық емес (жеңілдікті) шарттармен мемлекеттік қаржыландыруды тартуға тыйым салуды енгізуді қамтамасыз етсін.

6. Кәсіпкерліктің еркіндігінің түбегейлі қагидаттарын іске асыру, оның ішінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарының заңды кәсіпкерлік қызметке араласпауын қамтамасыз етудің есебінен іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (келісім бойынша) бірлесіп:

кәсіпкерлік қызмет саласындағы реттеуші саясатты одан әрі жетілдіруді, оның ішінде оның өнірлік деңгейде құқықтық тұрғыдан қолданылуының тиімділігін арттыруға басымдық берे отырып жетілдіруді;

тұтынушылардың мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдар ұсынатын көрсетілетін қызметтерге, оның ішінде вагондарды беру-жинау, локомотивтік тарту қызметі, жанар-жағар май материалдарын бөлу және басқалар (қолжетімділігі автоматтандырылуға жататын көрсетілетін қызметтердің тізбесі 2025 жылғы 1 маусымға дейін айқындалуы тиіс) сияқты қызметтерге қол жеткізуін толық автоматтандыруды (цифрландыруды);

инженерлік желілерге, оның ішінде жекеше табиғи монополия субъектілерінен алғынатын инженерлік желілерге қосылуға техникалық талаптар алу рәсімдерін регламенттеуді, цифирландыруды және оңайлатуды қамтамасыз етсін;

2) жаңа Салық кодексінде:

салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары бойынша мөлшеріне қарай сарапланған тәсілді (шоттарға тыйым салуды барынша азайту);

борышы едәуір болған жағдайда төлеуді кепілсіз кейінгі қалдыруды/бөліп төлеуді ұсыну рәсімін оңайлатуды;

әлеуметтік төлемдер бойынша борышты өндіріп алушын шекті мәнін белгілеуді;

шағын және орта бизнесті салықтық тексеруді тоқтата тұру бойынша екі реттен асырмай шектеуді;

3) 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасына мыналарды:

экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықтық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстық сипаттан арылтуды;

әкімшілік-деликт заңнамасын жетілдіруді, оның ішінде квазимемлекеттік сектор, табиғи монополия субъектілерінің және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың тарапынан кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуды болдырмау бөлігінде жетілдіруді, заңды тұрде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі келтірумен байланысты іс-әрекет үшін, егер оның қылмыстық жазаланатын белгілері болмаса, әкімшілік жауаптылықты белгілеуді;

мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың прокурорлармен:

тыйым салу-шектеу (субъектінің (объектінің немесе оның жеке участкесінің) қызметін, әрекеттерді, процесті тоқтата тұруды; рұқсаттың және

(немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұруды, айыруды (қайтарып алуды); рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартуды; бұрын инвестордың пайдасына шығарылған шешімнің күшін жоюды (оны қайтарып алуды); біржакты тәртіппен келісімшартты не келісімді бұзуды) шарапарын;

Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және тексерулер тағайындау туралы шешімдерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың инвесторларға талап-арыздарын келісуін;

экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарламаны және баяннatty Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне:

салықтық тексеру актісін, тұжырымында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар екенін көрсететін жеткілікті деректер қамтылған салық қызметі органы маманының қорытындысын (анықтамасын) қоса бермей;

сотқа дейінгі шағымдану жағдайларында жоғары тұрган органның шешімдері және сотқа шағымданған кезде сот шешімдері күшіне енгенге дейін салық қызметі органдарының актілеріне сотқа дейінгі және сотқа шағымдану кезінде;

есептеулер жұмыстарды нақты орындаусыз, қызметтер көрсетусіз, тауарларды жөнелтусіз мәмілелер бойынша жүргізілген, декларация тапсыру міндетті болғанда декларация ұсынылмаған, сондай-ақ салық салудың басқа объектілерін және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру жолымен кірістер және (немесе) шығыстар туралы көрінеу бұрманланған деректерді декларацияға енгізген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомаларын толық ерікті түрде өтеу кезінде тіркеуден алып тастауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі қамтамасыз етсін;

4) 2024 жылғы 1 шілдеге дейін алдыңғы қатарлы бүкіләлемдік стандарттар бойынша әзірленген іске асырылған халықаралық жобаларды қазақстандық талаптарға сәйкес жобалық-сметалық құжаттаманы міндетті әзірлеусіз пайдаланудың мүмкіндігін қамтамасыз етсін;

5) 2025 жылдың сонына дейін рұқсаттар алу үшін біліктілік талаптарын қайта қарасын, сондай-ақ оларды алудың тәртібі мен мерзімі онтайландырылсын;

6) 2024 жылдың сонына дейін шектеулі адамдар тобына монополиялық және (немесе) басым жағдайды иеленіп отырған топтардың іс-әрекетімен келтірілген залалды өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған ұжымдық талап беру институтын заңнамалық тұрғыдан енгізуің орындылығы туралы мәселені пысықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесіп жарты жылдың және жылдың қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері туралы есепті ақпаратты Президент Әкімшілігіне 1 ақпанға және 1 тамызға дейін енгізуі, сондай-ақ тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның қарауына енгізуі қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

9. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

10. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2024 жылның 8 мамыр

№ 542





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

УКАЗ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О мерах по либерализации экономики

Настоящий Указ определяет дальнейшие правовые, экономические и социальные условия и гарантии, обеспечивающие свободу предпринимательства в Республике Казахстан путем развития конкуренции, сокращения государственного участия в экономике и снижения издержек бизнеса.

В целях ускорения структурных экономических и правовых реформ, направленных на расширение экономического потенциала и улучшение бизнес-климата страны, **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Основными направлениями дальнейшей либерализации экономики определить:

обеспечение неприкосновенности частной собственности;

полноценную реализацию принципов свободы частной предпринимательской деятельности и недопущение незаконного вмешательства государства в рыночные отношения;

поддержку развития и защиту свободной конкуренции среди участников рынка;

устранение регуляторных и административных барьеров для доступа на рынки, а также искусственно созданных преимуществ для субъектов квазигосударственного сектора;

фронтальное снижение издержек бизнеса на администрирование взаимоотношений с государственными органами.

2. В целях высвобождения экономического пространства и полноценной реализации потенциала частного предпринимательства Правительству Республики Казахстан провести масштабное и ускоренное сокращение доли государственного сектора в экономике путем завершения процесса

приватизации и выстраивания нормативных условий, препятствующих повторному росту количества государственных предприятий в конкурентных сферах, в том числе за счет принятия следующих мер:

1) введение моратория на создание до 31 декабря 2026 года субъектов квазигосударственного сектора, за исключением необходимости обеспечения исполнения Закона Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов», а также особых случаев по прямым поручениям Президента Республики Казахстан;

2) проведение до 31 декабря 2024 года ревизии всех государственных и квазигосударственных активов республиканского и местного уровней с последующей актуализацией единого публичного реестра учета государственного имущества;

3) оказание содействия Агентству по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан в создании (с привлечением независимых экспертов) до 1 июня 2024 года Национального офиса по приватизации, который до 31 декабря 2024 года должен обеспечить:

выработку критериев к государственным объектам, подлежащим обязательной приватизации;

проведение анализа деятельности действующих государственных предприятий и юридических лиц, более пятидесяти процентов акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат государству и аффилированным с ними лицам, на предмет возможности и целесообразности передачи в конкурентную среду непрофильных активов с учетом региональной специфики;

формирование перечня государственных активов, подлежащих приватизации (с определением по каждому из них условий и методов реализации, включая проведение IPO, SPO, аукционов и других), утверждение и корректировка которого будут возможны только по решению Высшего совета при Президенте Республики Казахстан по реформам;

предоставление возможности приватизации объектов по инициативе субъектов частного предпринимательства путем формирования и внедрения заявочного перечня государственных активов, подлежащих приватизации;

мониторинг хода приватизации государственных активов;

4) закрепление следующих подходов приватизации:

субсидиарная (вспомогательная) роль участия на товарных рынках с низким уровнем конкуренции и предложения;

временность участия в субъектах рынка, подразумевающая обязательную приватизацию всех субъектов рынков с государственным участием, за исключением стратегических и социальных объектов, объектов инфраструктуры финансового рынка, объектов, обеспечивающих функционирование межбанковских платежных систем и финансового рынка;

определение строго ограниченного круга целей и задач создания субъекта рынка с государственным участием, его функций, оценка их достижения и реализации;

недопустимость создания частных монополий (в том числе локальных) при приватизации, за исключением субъектов естественных монополий;

5) обеспечение завершения до 31 декабря 2028 года процесса массовой приватизации государственных активов согласно утвержденному перечню государственных активов, подлежащих приватизации, исключительно за счет собственных и заемных средств частных инвесторов (без привлечения заемных и иных средств из государственных и квазигосударственных источников);

6) принятие нового формата перечня разрешенных видов деятельности для субъектов квазигосударственного сектора, предусматривающего обязательное указание в нем географических границ для каждого кода общего классификатора всех видов экономической деятельности, наименования субъекта с государственным участием, осуществляющего определенный вид деятельности, срока присутствия субъекта на том или ином рынке товаров и услуг;

7) пересмотр существующих законодательных оснований участия государства в предпринимательской деятельности.

3. В целях повышения самостоятельности, качества и независимости корпоративного управления акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» (далее – Фонд) и его дочерними и зависимыми компаниями Правительству Республики Казахстан совместно с Агентством по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан:

пересмотреть до 1 июля 2024 года порядок формирования состава советов директоров (наблюдательных советов) Фонда и его дочерних и зависимых компаний, создав систему открытых и предсказуемых назначений путем установления порядка и критериев отбора независимых директоров;

до 1 сентября 2024 года актуализировать составы советов директоров (наблюдательных советов) Фонда и его дочерних и зависимых компаний путем проведения конкурсов по отбору независимых директоров (независимых членов);

до 1 августа 2024 года принять дополнительные системные меры по снижению возможности вмешательства Фонда в операционную деятельность его дочерних и зависимых компаний, включая кадровые решения, осуществление закупок и производственные процессы;

до 1 августа 2024 года совместно с Национальной палатой предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (по согласованию), Агентством Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) и Агентством по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан пересмотреть систему регулируемых закупок Фонда с учетом повышения прозрачности процессов и увеличения доли внутристрановой ценности.

4. В целях дальнейшего совершенствования условий, обеспечивающих честную конкуренцию на рынках путем предоставления равных условий и возможностей при осуществлении предпринимательской деятельности всем субъектам экономики независимо от формы собственности, а также реализации государством права на пресечение неконкурентных действий исключительно

в установленном законами порядке Правительству Республики Казахстан совместно с Агентством по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан принять следующие меры:

1) в сферах топливно-энергетического комплекса, транспорта, связи и иных:

до 31 декабря 2024 года обеспечить качественное сокращение доли квазигосударственного сектора на рынке поставки нефти на нефтеперерабатывающие заводы, равный и недискриминационный доступ частных поставщиков нефти к услугам переработки нефти, транспортировки нефти, а также хранения авиатоплива на территории аэропортов, в том числе посредством оцифровки процедур предоставления доступа;

до 31 декабря 2024 года обеспечить полноценный равный доступ операторов связи к кабельной канализации;

до 31 декабря 2025 года завершить оцифровку данных о землях сельскохозяйственного назначения и до 31 декабря 2026 года обеспечить обязательное использование электронного конкурса при их предоставлении;

до 31 декабря 2025 года обеспечить реализацию через электронный аукцион участков недр, в отношении которых национальными компаниями в области углеводородов не реализовано в течение трех лет приоритетное право на получение права недропользования через прямые переговоры;

до 31 декабря 2029 года поэтапно исключить кросс-субсидирование тарифов внутри и между отраслями экономики (услуги электроснабжения, водоснабжения и водоотведения);

до 31 декабря 2027 года обеспечить поэтапную отмену максимального количества норм законодательства Республики Казахстан, прямо или косвенно ограничивающих свободу формирования цен и тарифов, за исключением монопольных рынков;

до 31 декабря 2025 года обеспечить практическое применение стимулирующей методологии тарифообразования в целях привлечения частных инвестиций и повышения инвестиционной привлекательности сфер естественных монополий с контролем качества предоставляемых регулируемых услуг;

до 31 декабря 2024 года проработать вопросы запуска эффективного механизма компенсационных мер для граждан, а также предоставления государственной адресной социальной помощи и жилищной выплаты по оплате коммунальных услуг с использованием цифровых технологий;

2) в сфере совершенствования закупок и биржевой торговли до 31 декабря 2024 года:

внедрить принципы «желтых страниц» при проведении государственных закупок путем отклонения от участия в государственных закупках заявок потенциального поставщика, являющегося юридическим лицом, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежат государству, в случае наличия не менее двух заявок от потенциальных поставщиков, являющихся субъектами предпринимательства;

пересмотреть перечень случаев, при которых государственные закупки товаров, работ и услуг осуществляются способом из одного источника путем прямого заключения договора;

исключить биржевые торги нестандартизированными товарами и осуществление государственных закупок через товарные биржи;

повысить эффективность цифровых торговых систем товарных бирж и программного обеспечения клиринговых центров для исключения риска вмешательства в ход биржевых торгов и обеспечения выполнения обязательств по биржевым сделкам;

3) обеспечить до 31 декабря 2028 года поэтапный переход от товарно-специфических субсидий к льготному кредитованию;

4) в целях обеспечения прозрачного и равного доступа к мерам государственной поддержки предпринимательства:

обеспечить оказание мер государственной поддержки предпринимательства по аналогии с государственными услугами в целях стандартизации порядка их предоставления;

завершить внедрение цифрового формата взаимодействия государства и бизнеса путем создания цифровой экосистемы, в том числе с обеспечением предоставления мер государственной поддержки по принципу «одного окна»;

разработать эффективный механизм расчета и учета встречных обязательств бизнеса при оказании мер государственной поддержки;

5) обеспечить оцифровку бизнес-процессов вхождения в списки закупа, в том числе регистрации цен на лекарственные средства и медицинские изделия.

5. В целях дальнейшего совершенствования условий, обеспечивающих честную конкуренцию на финансовых рынках:

1) Агентству Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка совместно с Национальным Банком Республики Казахстан:

до 31 декабря 2024 года принять меры по расширению возможностей для открытия новых банков и повышению доступности банковских услуг для населения и субъектов предпринимательства, в том числе путем:

либерализации законодательных требований по открытию дочерних иностранных банков и филиалов иностранных банков;

расширения перечня разрешенных видов операций для филиалов иностранных банков;

институционального совершенствования банковской системы, в том числе с рассмотрением целесообразности введения универсальной и базовой банковской лицензии;

2) Правительству Республики Казахстан совместно с Национальным Банком Республики Казахстан до 1 сентября 2024 года обеспечить введение запрета на привлечение государственного финансирования из Национального фонда Республики Казахстан на нерыночных (льготных) условиях для субъектов квазигосударственного сектора, за исключением проектов общестранового значения с получением в каждом случае прямого согласия Президента Республики Казахстан после прохождения соответствующей экспертизы

(включая оценку проекта) и при отсутствии альтернативных источников финансирования.

6. В целях реализации основополагающих принципов свободы предпринимательства, в том числе за счет обеспечения невмешательства государственных и правоохранительных органов в законную предпринимательскую деятельность, Правительству Республики Казахстан:

1) совместно с Национальной палатой предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» (по согласованию) до 31 декабря 2025 года обеспечить:

дальнейшее совершенствование регуляторной политики в сфере предпринимательской деятельности, в том числе с акцентом на повышение эффективности ее правоприменения на региональном уровне;

полную автоматизацию (цифровизацию) доступа потребителей к коммерческим услугам, предоставляемым государственными органами и организациями квазигосударственного сектора, в том числе таких как подача-уборка вагонов, услуги локомотивной тяги, распределение горюче-смазочных материалов и другие (перечень услуг, доступ к которым подлежит автоматизации, должен быть определен до 1 июня 2025 года);

регламентацию, цифровизацию и упрощение процедур получения технических условий на подключение к инженерным сетям, в том числе от частных субъектов естественных монополий;

2) предусмотреть в новом Налоговом кодексе:

дифференцированный подход по мерам принудительного взыскания налоговой задолженности в зависимости от ее размера (минимизация ареста счетов);

упрощение процедуры предоставления отсрочки/рассрочки без залога при наличии незначительной задолженности;

установление порогового значения взыскания задолженности по социальным платежам;

ограничение по приостановлению налоговой проверки субъектов малого и среднего бизнеса не более двух раз;

3) совместно с Генеральной прокуратурой Республики Казахстан до 31 декабря 2024 года обеспечить внесение в законодательство Республики Казахстан изменений и дополнений, предусматривающих:

дальнейшую декриминализацию уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности;

совершенствование административно-деликтного законодательства, в том числе в части пресечения незаконного вмешательства в предпринимательскую деятельность со стороны субъектов квазигосударственного сектора, естественных монополий и иных организаций независимо от форм собственности, установления административной ответственности за деяния, связанные с воспрепятствованием занятию законной предпринимательской деятельностью, если они не содержат признаков уголовно-наказуемого деяния;

согласование государственными и местными исполнительными органами с прокурорами:

запретительно-ограничительных мер (приостановление деятельности субъекта (объекта либо его отдельного участка), действия, процесса; приостановление действия, лишение (отзыв) разрешения и (или) приложения к разрешению; отказ в продлении срока действия разрешения; отмена (отзыв) решения, вынесенного ранее в пользу инвестора; расторжение в одностороннем порядке контракта либо соглашения);

решений о возбуждении дел об административных правонарушениях и назначении проверок в отношении инвесторов, а также исковых заявлений государственных органов к инвесторам, включенными в Реестр инвесторов;

исключения регистрации заявления, сообщения или рапорта об уголовном правонарушении в сфере экономической деятельности в Едином реестре досудебных расследований:

без приложения акта налоговой проверки, заключения (справки) специалиста органов налоговой службы, в выводах которого содержатся достаточные данные, указывающие на наличие признаков уголовного правонарушения;

при досудебном и судебном обжаловании актов органов налоговой службы до вступления в силу решения вышестоящего органа в случаях досудебного обжалования и решения суда при судебном обжаловании;

при полном добровольном погашении начисленных сумм налогов и (или) других обязательных платежей в бюджет, за исключением случаев произведенных по сделкам начислений без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров, непредставления декларации, когда подача декларации является обязательной, а также внесения в декларацию заведомо искаженных данных о доходах и (или) расходах путем сокрытия других объектов налогообложения и (или) других обязательных платежей;

4) до 1 июля 2024 года обеспечить возможность использования реализованных международных проектов, разработанных в соответствии с передовыми общемировыми стандартами, для строительства объектов без обязательной разработки проектно-сметной документации в соответствии с казахстанскими требованиями;

5) до конца 2025 года пересмотреть квалификационные требования для получения разрешений, а также оптимизировать порядок и сроки их получения;

6) до конца 2024 года проработать вопрос целесообразности законодательного внедрения института коллективных исков, направленного на обеспечение возмещения неограниченному кругу лиц ущерба, причиненного действиями монопольных и (или) доминирующих групп.

7. Правительству Республики Казахстан совместно с агентствами по стратегическому планированию и реформам, защите и развитию конкуренции Республики Казахстан обеспечить внесение отчетной информации о результатах работы по итогам полугодия и года в Администрацию Президента Республики Казахстан до 1 февраля и 1 августа, а также на рассмотрение Комиссии по демонополизации экономики при Правительстве Республики Казахстан на ежеквартальной основе.

8. Правительству Республики Казахстан принять иные меры, вытекающие из настоящего Указа.

9. Контроль за исполнением настоящего Указа возложить на Администрацию Президента Республики Казахстан.

10. Настоящий Указ вводится в действие со дня его подписания.

Президент
Республики Казахстан

К.Токаев

Астана, Акорда, 8 мая 2024 года

№ 542

